

**"Оңтүстік Қазақстан облысының мемлекеттік сатып алу басқармасы"
мемлекеттік мекемесі туралы Ережені бекіту туралы" Оңтүстік Қазақстан
облысы әкімдігінің 2015 жылғы 26 қаңтардағы № 18 қаулысына өзгерістер мен
толықтырулар енгізу туралы**

Күшін жойған

Оңтүстік Қазақстан облыстық әкімдігінің 2016 жылғы 5 ақпандағы № 33 қаулысы. Оңтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2016 жылғы 18 ақпанда № 3593 болып тіркелді. Күші жойылды - Оңтүстік Қазақстан облыстық әкімдігінің 2016 жылғы 16 мамырдағы № 136 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Оңтүстік Қазақстан облыстық әкімдігінің
16.05.2016 № 136 қаулысымен.**

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 27 бабының 2 тармағына сәйкес Оңтүстік Қазақстан облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Оңтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің 2015 жылғы 26 қаңтардағы № 18 "Оңтүстік Қазақстан облысының мемлекеттік сатып алу басқармасы" мемлекеттік мекемесі туралы Ережені бекіту туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 3009-нөмірмен тіркелген, 2015 жылғы 11 ақпанда "Оңтүстік Қазақстан" газетінде жарияланған) қаулысына мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген қаулының "Оңтүстік Қазақстан облысының мемлекеттік сатып алу басқармасы" мемлекеттік мекемесі туралы Ереже" деген қосымшасында:

"1. Жалпы ережелер" деген бөлімінде:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. "Оңтүстік Қазақстан облысының мемлекеттік сатып алу басқармасы" мемлекеттік мекемесі мемлекеттік сатып алуды, сондай-ақ облыс әкімдігімен айқындалатын бюджеттік бағдарламалар немесе тауарлар, жұмыстар, қызметтер бойынша бірыңғай мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыру мен өткізуді жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының мемлекеттік органы болып табылады".

9-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"9. Заңды тұлғаның орналасқан жері: пошталық индексі 160023, Қазақстан Республикасы, Оңтүстік Қазақстан облысы, Шымкент қаласы, Астана даңғылы, 10.";

"2. Мемлекеттік органның миссиясы, негізгі міндеттері, функциялары, құқықтары мен міндеттері" деген бөлімінде:

14-тармақта, 15-тармақтың 1) тармақшасында, 16-тармақтың 1) тармақшасында "әкімімен" деген сөз "әкімдігімен" деген сөзбен ауыстырылсын;

16-тармақтың 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"тапсырыс берушінің Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу саласындағы заңнамаларында белгіленген құжаттарды қамтитын мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыруға және өткізуге ұсынған тапсырманы қарастырады;"

17-тармақтың:

мынадай мазмұндағы 1-1 тармақшамен толықтырылсын:

"1-1) тапсырыс беруші "Оңтүстік Қазақстан облысының мемлекеттік сатып алу басқармасы" мемлекеттік мекемесін мемлекеттік сатып алудың ұйымдастырушысы деп таныған жағдайда мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыру және жүргізуді жүзеге асыру;"

4) тармақшасының орыс тіліндегі мәтініне өзгеріс енгізіледі, мемлекеттік тіліндегі мәтіні өзгертілмейді.

2. "Оңтүстік Қазақстан облысы Әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген тәртіпте:

1) осы қаулыны Оңтүстік Қазақстан облысының аумағында таратылатын мерзімді баспа басылымдарында және "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялануын;

2) осы қаулыны Оңтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің интернет-ресурсына орналастыруын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің орынбасары

Е.Садырға жүктелсін.

Облыс әкімі

Б.Атамқұлов

Д.Сатыбалды

Б.Жылқышиев

С.Қаныбеков

С.Тұяқбаев

А.Абдуллаев

К.Мендебаев

Е.Садыр